

★ Ж.А. Құсайынова<sup>1</sup>  
С.Н. Саменова<sup>2</sup>

<sup>1</sup> С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

<sup>2</sup> Академик Е.А.Букетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

\*Байланыс үшін автор: zhaina-1972@mail.ru

## Модальдік мәннің болымсыздық санаттағы көрінісі

**Аңдатпа.** Төл грамматикамызда бүгінге дейін субъективтік модальділік категориясының тілдік белгілерін дербес сөйлемдер құрылымы деңгейінде талдау басым. Бірақ бұл жағдайда модальділіктің ауқымды әрі күрделі құрылымдық ерекшелігін, кейбір грамматикалық амалдардың мәнмәтін, мәтінаралық байланыстан жүйеленетін көп функциялы қызметін саралауда, бір жақты пікірлер қалыптасатыны анық. Субъективтік модальділік категориясының ішкі мәндерінің жасалуын жеке авторлар шығармасы негізінде талдау әлі де өзекті. Себебі әр автордың өзіндік жазу машығынан аталған заңдылықтың күрделі әрі ауқымды құрылымын түсінуге негіз болатын өзекті теориялық тұжырымдарға қол жеткізе аламыз. Осындай алғышарттарды негізге ала отырып жазылған аталған ғылыми мақалада Абай поэзиясындағы болымсыздық категориясының тәсілдері арқылы модальділік мәндердің қалыптасуы алғаш рет ғылыми дәйектеуге негіз болды. Нәтижесінде әдеби тіліміздің негізін қалаушы, поэзия жанрын құрылымы жағынан да, көркемдік сипаты жағынан да жаңа арнаға шығарған Абай өлеңдеріндегі субъективтік көзқарасты даралайтын грамматикалық амалдар жүйесінің өзіндік ерекшелігі жан жақты талданды. Нақты лингвистикалық мәліметтерге сүйене отырып, ақынның шығармаларында болымсыздық категориясының тәсілдерін белсенді қолдану арқылы құптау, құптамау, наразылық, өкіну сияқты модальді реңктерді анықтауға негіз болатындығы айқындалды. Ақынның стилистикалық түрлендіруіне сәйкес аталған амалдардың бірде қайталана, кейде қарама-қарсы мәнде, енді бірде синонимдік қатарларымен үстемелене қолданылып, модальді мәндерді айқындаудағы белсенділігі сипатталды. Ғылыми мақаладағы тұжырымдар мен ой қорытулар субъективтік модальділік санатының теориялық белгілерін дамытуға, кейбір заңдылықтардың ішкі байланысы мен шекарасын ажыратуға, модальділік санатының грамматикалық жүйесін жан-жақты зерделеуге ықпал ететіні дәлелденді.

**Кілт сөздер:** модальділік санаты, мәтін, болымсыздық санаты, семантикалық ұйысым.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2022-139-2-42-48>

### Кіріспе

Қазақ тіл білімінде субъективтік модальділіктің категориялық тәуелсіздігін және оның мәтін, мәнмәтінаралық кеңістікте анықталатын ауқымды құрылымын зерттеу мәселесі әлі де өзекті болып табылады. Себебі көп жағдайда модальділік құбылысы құрылымдық синтаксис деңгейінде зерттелгендіктен, іс-әрекет-

тің шындыққа, ирреальды әрекетке қатынасы тұрғысынан талданып, объективтік модальділіктің табиғаты жан-жақты негізделді. Ал сөйлеу әрекетінде белсеніп, коммуникативтік қарым-қатынаста көрініс беретін субъективтік модальділіктің грамматикалық белгілеріне ғылыми негізде тек соңғы жылдары назар аударылды. Әсіресе, әр автордың стилистикалық түрлендіруіне, дербес жазу машығына

сай тілдік амалдардың көп функциялы қызметіне мүмкіндік жасалатын көркем шығарма аясында осы категорияның грамматикалық ерекшеліктерін талдау оның бірқатар грамматикалық сипаттамасын кеңейтуге, осы құбылыстың тілдік табиғатын өзіндік құрылымы бар күрделі, тәуелсіз заңдылықтар қатарында қарастыруға мүмкіндік береді.

### Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында жинақтау, сипаттау, жүйелеу, салыстыру әдіс-тәсілдері кеңінен қолданыс тапты.

### Талқылау

Абай поэзиясында автордың субъективтік көзқарастары астарлы немесе имплицитті түрде емес, ашық ақпараттылығымен дараланады. Яғни, ақынның ұстанымы, субъективтік бағалауы тура мағыналы сөздердің семантикалық-стистикалық мүмкіндігін түрлендіре қолдану арқылы айқындалады.

Әрине, ақын поэзиясы мәтіндерінен модальді мәннің әр түрлі реңкін және грамматикалық амалдарын анықтауға болады. Талданған мақала аясында ақынның құптау, құптамау, наразы болу, өкіну ұстанымдарын талдауды жөн көрдік.

Аталған модальді мәндерді айқындауда ақын өлеңдерінің мәтінінде болымсыз реңк үстейтін грамматикалық амалдардың қызметі белсенді. Төмендегі мәтін үзіндісінен ақын шығармаларында қайталана қолданылған -сы, -сі жұрнақтарының мақсатты қызметін даралауға болады. Субъективтік реңкке ие бұл жұрнақтар қызметі «Абай поэзиясы кезеңінен белсенді қолданысқа енгізілген» десек артық емес. Себебі бұған дейін талдауға негіз болған жыраулар поэзиясында аталған жұрнақтардың қолданысы көзге түспейді. Мысалы:

Бұралып тұрып,  
Буыны құрып,  
Қисайта тартып мұрынын:  
Әсемсіп, сәнсіп,  
Білгенсіп, бәлсіп,

Әр нәрсенің орынын.

Керенау кердең, бір керім,

Жақпайды маған сол жерің [1,125].

Сонымен қатар, талданған мәтін аясындағы «керім» сөзінің семантикалық құбылтуға бағынғанын да айтып өткен орынды. Жағымды реңкте қолданылатын бұл сөздің мағынасы контекстегі семантикалық ұйысымның әсерінен болымсыз мәнге ауысқан. Ал автор-субъекті бұл сөздің мағынасын болымсыз реңкте мақсатты түрде өзектендірген. Себебі Абай үшін рухани толысқан, ғылым-білімді меңгерген адам ғана тура мағынасындағы «керім» болмақ. Демек, сөз мағынасының өзгеруіне қоғамның әлеуметтенуінің де ықпалы бар. Мұндай тәсілді Ж.Т.Ибраимова «сөздің қатысымдық мағынасын құбылту әдісі» деп талдай келе: «Сөз мағынасынан қатысымдық семантиканың туындауына әр кезеңнің келбеті, қоғамдық құбылыстары әсер етпей қоймайды. Әлеуметтік жағдайдың қандай күйде болуы, ұлт танымының даму деңгейі, қоғамдағы өзгерістер мен жаңалықтар, мәдени даму тілге әсер етеді десек, осы өзгерістердің әсері қатысымдық мағынаның пайда болуына да ықпал етеді» деп қорытады [2, 59]. Сөзді ауыспалы мағынада түрлендіруде, автор мәтіндегі сөздер тобының семантикалық өрісін тірек еткен. Демек, мәтіндегі семантикалық ұйысым заңдылығы аясында талдасақ, «керім» сөзінің мағыналық түрленуіне «әсемсіп», «сәнсіп», «білгенсіп», «бәлсіп», «керенау», «кердең» сөздерінен өрбіген семалардың жиынтық реңкі әсер еткен.

Ақын өлеңдерінің құрылымында болымсыз реңк үстеген қайталамаларға ерекше екпін түсіру арқылы модальді мәндерді айшықтау жиі қолданысымен, басымдығымен көзге түседі. Наразылық модальді мәні көрініс берген төмендегі өлеңінде автор болымсыз мәндегі етістік қайталамаларды актуальдандырып, жағымсыз мінезді сынап, ішкі наразылығын, құптамаған көзқарасын эмоциямен ұштастыра жеткізген. Мысалы:

Ант ішіп күнде берген жаны құрсын,  
Арын сатып тіленген малы құрсын,  
Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып,  
Қу тілмен қулық сауған заңы құрсын.

Бір атқа жүз құбылған, жүзі күйгір,  
Өз үйінде шертиген паңы құрсын [1,76].

Тағы бір ретте автор болымсыз реңктегі есім сөздерді үстемелей қолданып, өзіндік ұстанымына екпін түсіреді. Ақынның «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің құрылымы үндеу, насихатымен бірге, ішкі пайымдауымен астарласқан өміршең ойларымен, «қазақтың жастары өзгеден қалай озады?» деген толғанысымен, болашақты дәл болжаған көрегендігімен құнды. Ал автор мен қабылдаушы қарым-қатынасы тұрғысынан сипаттасақ, ақынның әр өлеңінің адресанты анық. Өлеңнің мәтінінде құптау, құптамау, наразылық модальді мәндері жақсы (болымды мағына) мен жаманды (болымсыз мағына) қатар алып, ашық салыстыру арқылы жеткізілген. Бұл тұрғыда ақынның көзқарасы төмендегідей.

Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер, мал шашпақ,  
Бес дұшпаның білсеңіз.  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым, ойлап қой,  
Бес асыл іс көнсеңіз....[1, 92].

Ақын жеке субъективтік көзқарасы астарымен өз қоғамындағы әлеуметтік жайттардан да хабардар етеді. Мәселен, «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген өлеңі арқылы берілген субъективтік көзқарасты тек ақынның жеке басындағы өкінішпен шектейміз. Мұнда автор тұтас ұлттың тағдырындағы өзекті мәселеге көңіл аудартады. Ақын сол кездің өзінде білім, ғылымның маңызын насихаттап, жастарды болашаққа жетелейді. Ал өлең мәтінінде болымсыз етістіктердің қайталана қолданылуы арқылы ақынның өкінген субъективті көзқарасы айшықталған.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,  
Пайдасын көре тұра тексермедім,  
Ер жеткен соң түспеді уысыма,  
Қолымды мезгілінен кеш сермедім... [1,72].

Субъективтік көзқарасын білдіруде, ақын өз қоғамындағы адамдарды бағалау тәсілін де шебер қолданады. Сондай-ақ, болымсыз мәнді сөздерді бір мәтін аясында мақсатты түрде сұрыптап біріктіріп, авторлық көзқарасын өрбітеді.

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,  
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың,

Жақсы менен жаманды айырмадың,  
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың...  
Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,  
Аузымен орақ орған өңкей қыртың... [1,78].

Бұл өлең мәтініндегі «жұртым», «мұртың», «ұртың», «шырқың» т.б. сөздерін ақын мәтінінің ұйқасын реттеуге бағыттаса, болымсыз реңк үстеген «аузымен орақ орған», «көрсө қызар», «бас басына би болған», «тиянақсыз», «байлаусыз» сын есім құрылымды фразеологизмдер мен есім сөздерді, сонымен қатар, «тыртың», «бұртың», «жыртың» бейнелеуіш сөздерін модальді реңкті күшейтуге, өзектендіруге бағыттаған (Бір күн тыртың етеді, бір күн бұртың... Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқың...Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қылпың, не түсер құр күлкіден жыртың-жыртың...). Нәтижесінде, болымсыз реңктегі сөздерді бір қатысымдық мақсатқа біріктіріп, бір семантикалық кеңістік аясындағы қарым-қатынасын шебер үйлестірген. Өлеңнің ұйқасы жеңіл, авторлық көзқарасы, ұстанымы анық, ал өзектілігі өміршең.

Поэзияда автордың бағалауын, жалпы қоғамдағы шындықты, оқиға, әрекеттерді қабылдауындағы субъективтік көзқарасын көрсететін құрылымдар әр қаламгердің жазу шеберлігіне қарай түрлене, жаңара қолданылады. Абай өлеңдерінің мәтінінен болымсыз мәнді құрылымдардың басым қолданысы «құптамау», «наразылық», «өкіну» модальді реңктерін жинақтап қабылдауға, автор-субъектінің өз қоғамын бағалауын, насихаттарының астарынан болашаққа деген көзқарасының арнасын айқындауға мүмкіндік аламыз. Бұл бағытта болымсыз реңктегі сын есімдер де модальді реңкті даралайтын тілдік амалдар ретінде танылады.

Сабырсыз, арсыз, еріншек,  
Көрсө қызар, жалмауыз.  
Сорлы қазақ сол үшін,  
Алты бақан ала ауыз [1,106].

Ақын поэзиясының мәтінінде субъектінің бағалауы қоғамның әлеуметтік сипатымен, тіпті, белгілі бір субъектаралық қарым-қатынасымен, іс-әрекетімен қабыстыра қарайтынын аңғаруға болады. Өз заманындағы ортаны жанды суреттеген келесі мәтінде ақын ішкі

жан күйзелісімен ұштастыра дербес көзқарасын да білдіреді. Мұнда да болымсыз реңк үстейтін жұрнақтар модальді мәнді белсендіретін тәсіл болып табылады. Олардың тұтас мәтіндегі кешенді қозғалысы ақын-субъектінің өкініші мен күмәнді көзқарасын аша түскен.

Естілер де ісіне қуанбай жүр,  
«Ел азды» деп надандар мұңаймай жүр.  
Ала жылан, аш бақа күпілдіктер,  
Кісі екен деп үлкеннен ұялмай жүр [1,81].

Ақын поэзиясын субъективтік көзқарас тұрғысынан құрылымдық-мазмұндық тұтастықта алсақ, кемелденіп қалыптасқан адам бейнесіне қатысты ойларын жинақтап көрсетуге болады. Ол – адамгершілігімен, білім-ғылым жолындағы ізденісімен, бауырмалдық, ақыл, қайратымен дараланған субъекті. Абай поэзиясында бұл ойлары шумақаралық, мәтінаралық, тіпті, тұтас поэзиялық шығармалар мәтіндерін тұтастықта қарауда көрініс береді. Ақын тұжырымында: «ыстық қайрат» - бұл үнемі ізденіс үстінде болу, тек қана алға ұмтылу, жасампаз болу. «Нұрлы ақыл» - елге сәуле түсіріп, ізгілікті іс істеу, алла берген ақылды тек жақсылыққа жұмсау. Ал, «жылы жүрек» - иманды, иман жүзді болу, адамдарға құрметпен қарау, олардың мұң-мұқтажын, көңіл-күйін ұға білу. Міне, осы үш қасиет ізгілікті мақсатта пайдаланылған жағдайда ғана толымды адам деген мәртебеге ие болуға болады» [3, 54].

Әсіресе, ақын адам бойындағы жақсы әдетпен жаман әдетті қатар алып, салыстыра баяндап, анық дәлелдеп, кейінгі жастардың ұстанымына әсер етуді ерекше назарда ұстайды. Мысалы:

Жастықта бір күлгенің бір қаралық,  
Күлкі баққан бір көрер бишаралық,  
Әуелі өнер ізделік, қолдан келсе,  
Ең болмаса, еңбекпен мал табалық [1, 84].

### Нәтижелер

Мақала аясында тілдік деректер негізінде қол жеткізген ғылыми тұжырымдар қазақ тіліндегі субъективтік модальділік заңдылығының теориялық мәселелерін, жасалу жолдарын кеңітуге үлес қосады.

Нақты тілдік деректер негізінде:

1) субъективтік модальділік заңдылығына қатысты ақын шығармаларының мәтіні алғаш рет талданды;

2) ақын поэзиясының мәтіні біртұтастықта қаралып, ақпараттық-танымдық кеңістік ретінде бағаланды;

3) болымсыздық категориясының көрсеткіштері арқылы ақын-субъектінің өз қоғамына көзқарасы, ішкі насихаты сараланды;

4) ақын-адресант, оқырман-адресат тұрғысынан ақын шығармаларындағы субъективтік бағалаудың, саяси-әлеуметтік ақпараттың өміршеңдігіне, ашықтығына астарлы назар аударылды;

5) болымсыздық категориясының амалдары модальді мәнді өзектендіретін амалдар ретінде кешенді, мәтінаралық тұтастықта сараланды;

6) ақын поэзиясы мәтініндегі болымсыздық категориясы көрсеткіштерінің басқа заңдылықтармен ішкі байланыстағы қозғалысы, түрленуі сипатталды;

7) автор өлеңдерінің мәтініндегі болымсыздық амалдары ақынның дербес субъективтік ой-толғамдарын жеткізе отырып, қатысымдық әрекеттің құралдары болып табылатынына да көз жеткізілді;

8) сөз зергерінің стилистикалық шеберлігі табиғи негізде тілдік заңдылықтардың, құбылыстардың ішкі байланысын қалыптастыратыны айқындалды.

### Қорытынды

Субъективтік модальділіктің лингвистикалық табиғатын анықтауда тірек етер негізгі ұстаным – сөйлеуші көзқарасы және оның ақпаратты қабылдауы. Егер лингвистикалық модальділік субъектінің белсенділігі нәтижесінде жанданса, оның барлық белгісі сөйлеумен шектесіп, сөйлеуде жанданып, дамиды. Ал сөйлеу әрекеті үстінде субъектіге іс-әрекеттің ақиқаттығы немесе ақиқат еместігін саралау мақсат емес. Бұл сатыда субъект қатысымдық әрекетті белсендіріп, екінші бір субъектімен ақпарат алмасу, яғни коммуника-



тивтік қажеттілікті өтеп, ішкі көзқарасын жеткізуді мақсат етеді. Төл грамматикамызда бұл мәселе жан-жақты сипатталып, логикалық модальділік термині мен грамматикалық модальділік терминдерінің ара жігі салыстырыла қаралып, негізгі нысандары дараланды деп айта алмаймыз. Модальділікке қатысты лингвистикалық тұрғыдан субъекті көзқарасы, қабылдауы шеңберіндегі бағалауы, құптау, құптамау, наразылық, сенім, сенімсіздік, болжау, топшылау, жорамалдау, күдіктену сияқты модальді мағыналары әлі де кешенді зерттеуді қажет етеді. Сондықтан субъективтік модальділік мәселесі бүгінге дейін жан-жақты талдауға негіз болатын тақырыптардың қатарында.

Мақалада ақын А.Құнанбайұлының шығармаларының мәтіні негізінде автордың субъективтік көзқарастарына жан-жақты талдау жасалды. Ақын поэзиясы мәтіндерін семантикалық тұтастықта, ішкі бірлікте талдай отырып, автордың субъективтік көзқарасының насихатын, ішкі ұстанымын саралауға қол жеткіздік.

Кейбір ғылыми еңбектерде субъективтік модальділіктің бірнеше сөйлем бірлігінен дараланатын құрылымы негізінде бұл санаттың астарлы семантикалық байланысты, синтаксистік бірліктерді сабақтастыра (кем дегенде екі сөйлем аралығында, мәнмәтінде, мәнмәтінаралықта) талдауды қажет ететін күрделі құрылымдық жүйесіне назар аударылады. Аталған мақалада біз осындай теориялық мәселелерді кеңітуге тырыстық. Мәтіндегі тілдік бірліктердің ішкі байланыстағы қозғалысы сараланды. Сондай-ақ, болымсыздық категориясы тәсілдерінің белсенділігі субъективтік көзқарасын білдірудегі ақынның мақсатты қолданысы және ойын өткір де ашық жеткізуге бағытталған стилистикалық өрнегі деп қабылдауға негіз болатын теориялық мәселелер тұжырымдалды.

Осындай алғышарттарды негізге ала отырып жасалған ғылыми ой-тұжырымдарымыздың ішкі байланысы ғылыми мақаланың ішкі құрылымын қалыптастырып, нәтижесі субъективтік модальділіктің категориялық дербестігін кешенді талдауға, үлес қосуға мүмкіндіктер берді.

Мақалада модальділік санатының күрделі лингвистикалық табиғатын саралау үшін, ақын өлеңдерінің мәтініндегі болымсыздық категориясының ішкі амал-тәсілдері жинақталып берілді. Оған «әсемсіп», «сәнсіп», «білгенсіп», «бәлсіп», «керенау», «кердең», «құрсын» лексикалық бірліктерінің үлесі, «өсек», «өтірік», «мақтаншақ», «еріншек», «мал шашпақ» жағымсыз реңктегі зат есімдердің, «ескермедім», «тексермедім», «кеш сермедім» болымсыздық жұрнақтарының белсенді қызметі, «тыртың», «бұртың», «жыртың» болымсыздық реңк үстейтін бейнелеуіш сөздерінің қатысатыны, «сабырсыз», «арсыз», «еріншек», «көрсө қызар», «жалмауыз» сын есімдерінің үлесі бары және мәтіндік кеңістікте дәл осы формалардың семантикалық доминанттар ретінде мәтіндегі семантикалық тұтастықты сақтап тұратыны нақты мысалдармен сараланды.

Қорыта келсек, А.Құнанбайұлының шығармаларының мәтіні негізінде модальділік категориясына талдау жасай отырып, аталған заңдылықтың күрделі құрылымын анықтауға, әрі қарай да зерттеуге қажетті мәселелерге назар аудартуға қол жеткізілді. Байқап отырғанымыздай, ғылыми тұжырымдар жеке сөйлемдер деңгейінде емес, мәнмәтінаралық байланыста дәйектелді. Демек, модальділіктің сипаттамасы – мәнмәтінаралық, мәтінаралық кеңістікте талдауға арқау болатын күрделі заңдылық. Әрбір қаламгердің шығармасы арқылы осы заңдылықтың функционалды синтаксис аясында тілдік табиғатын кеңіту алдағы ғылыми зерттеулердің де нысаны бола алады.

#### Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Құнанбаев А. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1961. – 677 б.
- 2 Ибраимова Ж. Қатысымдық мағына негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 112 б.

3 Болатбекқызы А. Абай шығармаларындағы «толық адам» мәселесі //Жас ғалым-Молодой ученый. – 2015. – №8 (1). 53-55 бб.

Ж.А. Кусаинова<sup>1</sup>, С.Н. Саменова<sup>2</sup>

<sup>1</sup> *Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина, Нур-Султан, Казахстан*

<sup>2</sup> *Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, Караганда, Казахстан*

### Концепция модального значения в категории отрицания

**Аннотация.** В казахском языкознании до настоящего времени преобладает анализ языковых признаков категории субъективной модальности на уровне структуры самостоятельных предложений. Но в данном случае очевидно, что в дифференциации масштабной и сложной структурной особенности модальности, многозначности некоторых грамматических приемов, систематизируемой из межтекстовой связи, формируются односторонние мнения. Также до сих пор актуален анализ создания внутренних значений категории субъективной модальности на основе произведений отдельных авторов, поскольку из навыков самостоятельного письма каждого автора мы можем прийти к актуальным теоретическим выводам, которые послужат основой для понимания сложной и масштабной структуры данной закономерности. В статье, написанной на основе таких предпосылок, в научной аргументации было заложено формирование модальных смыслов средствами категории отрицания в поэзии Абая. Следовательно, из реальных лингвистических данных становится ясно, что активное использование способов категории отрицания в произведениях поэта является основой для определения таких модальных оттенков, как одобрение, неодобрение, протест, раскаяние. На основе собранных примеров, согласно стилистическим преобразованиям поэта, активность указанных оттенков в передаче модальных значений классифицируется, иногда используется повторение, в других случаях используется противоположное значение, а иногда дополняется рядом синонимов. Выводы и заключения в научной статье способствуют развитию теоретических признаков категории модальности, выявлению внутренних связей и границ некоторых закономерностей, всестороннему изучению грамматической системы категории модальности.

**Ключевые слова:** категория модальности, текст, категория отрицания, семантическая связь.

Zh.A. Kussaiynova<sup>1</sup>, S.N. Samenova<sup>2</sup>

<sup>1</sup> *Kazakh agrotechnical University named after S. Seifullin, Nur-Sultan, Kazakhstan.*

<sup>2</sup> *E. A. Buketov Karaganda University, Karaganda, Kazakhstan*

### The concept of modal meaning in the category of negation

**Annotation.** Until now, the analysis of linguistic features of the category of subjective modality in combination with the structure of independent sentences prevails in Kazakh linguistics. But in this case, it is obvious that one-sided opinions are formed in the differentiation of a large-scale and complex structural feature of modality, the ambiguity of some grammatical techniques, systematized from intertextual communication. Secondly, the analysis of the creation of internal values of the category of subjective modality based on the works of individual authors is still relevant. Because from the skills of independent writing of each author, we can come to relevant theoretical conclusions that will serve as the basis for understanding the complex and large-scale structure of this pattern. In this scientific article, written on the basis of such premises, for the first time in scientific argumentation, the formation of modal meanings by means of the category of negation in Abai's poetry was laid. Consequently, it becomes clear from real linguistic data that the active use of the methods of the category of negation in the poet's works is the basis for determining such modal shades as approval, disapproval, protest, remorse. Based on the collected examples, according to the stylistic transformations of the poet, the activity of these shades in the transmission of modal values is classified, sometimes repetition is used, in other cases the opposite meaning is used, and sometimes it is supplemented by a number of synonyms. Conclusions and conclusions in the scientific article contribute to the development of theoretical features of the category of

modality, the identification of internal connections and boundaries of certain patterns, a comprehensive study of the grammatical system of the category of modality.

**Keywords:** category of modality, text, category of negation, semantic connection.

### References

- 1 Kunanbaev A. Şyğarmalarynyñ bir tomdyq tolyq jınaғы [Complete one-volume collection of works] (Almaty: Kazakh State Publishing House of Fiction, 1961 – 677 p.). [in Kazakh]
- 2 İbraimova J. Qatysymdyq maғыna negızderi [Fundamentals of participial meaning], (Almaty: Qazaq universiteti, 2011. – 112 p.). [in Kazakh]
- 3 Bolatbekkyzy A. Abai şyğarmalaryndaғы «tolıq adam» мәselesi [The problem of the «complete man» in the works of Ab], 8 (1). 53-55 (2015). [in Kazakh]

#### Авторлар туралы мәлімет:

**Құсайынова Жайнагүл** – филология ғылымдарының докторы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің қазақ және орыс тілдері кафедрасының доценті, Жеңіс даңғылы, 62. Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Саменова Света** – филология ғылымдарының кандидаты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, Университет көшесі, 28. Қарағанды қаласы, Қазақстан.

**Kussaiynova Zhainagul** – doctor of Philology, associate Professor of the Kazakh and Russian languages of the Kazakh agrotechnical University. S. Seifullin. 62, Pobedy Ave., Nur Sultan, Kazakhstan.

**Samenova Sveta** – candidate of Philological Sciences, Associate Professor of the Department of Kazakh Linguistics of the E. A. Buketov Karaganda University, Universitetskaya, 28. Karaganda, Kazakhstan.